

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты

Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысы
№ 8 хаттама

19 тамыз 2025 жыл

Ақтөбе қ.

Төраға: институт бастығының орынбасары полиция полковнигі
А.Сахарбай.

Төраға орынбасары:

Хатшы (у.м.а.): ҒЗЖРБЖҰ бөлімінің редакторы М.С.Нурмаганбетова

Қатысты: Д.А.Амангельдиев, А.Ф.Саттарова, М.Ж.Найманбаев,
Л.А.Жубандыкова, А.К.Ибраева, Т.Бисенова, Е.Е.Туребеков, Н.И.Каирова,
А.Алмагамбетова және т.б.

КҮН ТӘРТІБІ:

Өткізу уақыты: «15» сағ. «00» мин.

Өткізу орны: «Шаңырақ» конференц залы

1. «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХҒТК өткізуге дайындық барысын талқылау
Жауаптылар: Е.Е.Туребеков, А.А.Мерғалиев ДШ, АТД кафедраларының ПОҚ

2. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК өткізуге дайындық барысын талқылау
Жауапты: Л.А. Жубандыкова, ҚҚЖҚр кафедрасының ПОҚ

3. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдарының курсанттарының бойында стресске төзімділік пен эмоционалды интеллектті дамытудың өзекті мәселелері» дөңгелек үстелді өткізу туралы
Жауапты: Т.Бисенова, КПД кафедрасының ПОҚ

4. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуді талқылау
Жауапты: А.А.Алмаганбетова

5. Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмыс барысы туралы
Жауапты: Ерланұлы Қ.

6. 2025 ж. Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары бойынша тамыз айына жоспарланған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындау туралы

Жауаптылар: А.А.Ыбраева, А.К.Мухтарова

7. «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ХҒТК материалдарының жинағын талқылау
Жауапты: Е.Алдияров

8. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу туралы
Жауапты: В.В.Хасанова

9. «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебін талқылау

Жауаптылар:

- 1) Атырау облысы бойынша - Л.А.Жубандыкова
- 2) Қызылорда облысы бойынша – В.В.Хасанова
- 3) Шымкент қаласы бойынша – М.Ж.Найманбаев

10. 2025 ж. 1 курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптарын талқылау

Жауаптылар: А.К.Ибраева, Н.Т.Саханова, Л.А.Жубандыкова, В.В.Хасанова, Т.Бисенова, Е.Алдияров, Е.Е. Туребеков.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Сахарбай: «Қайырлы күн құрметті әріптестер! Бүгін ғылыми-әдістемелік кеңестің №8 отырысы өтуде. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға сөз беріледі».

ТЫНДАЛДЫ:

1) **Е.Е.Туребеков** «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХҒТК өткізуге дайындық барысы туралы баяндады. Ол аталған конференцияны өткізуге ұйымдастырушылық шаралары бойынша қатынас және ақпараттық хаттар Ресейдің ИМ қарасты 8 оқу орнына, Қырғыз, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан Республикаларының ИМ қарасты оқу орындарына және Алматы, Қарағанды, Қостанай академияларына, Павлодар, Шымкент оқу орталықтарына, Ақтөбе қаласында орналасқан Т.Бигельдинов атындағы ӘҚК Әскери институтына, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне, Баишев университетіне және №6655 әскери бөліміне, сонымен қатар Батыс өңірі бойынша БҚО, Маңғыстау, Атырау және Ақтөбе ПД ақпараттық хаттар жіберілгендігі туралы айтты. Конференция қортындысы бойынша жинақты шығару жоспарланғаны туралы айтты.

ШЕШІМ:

1.Ақпарат назарға алынсын.

2.2025ж. 19 қыркүйегінде «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХҒТК өткізу. Жауапты: Е.Е.Туребеков, А.А.Мерғалиев ДШ, АТД кафедраларының ПОҚ.

3.«Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХҒТК қорытындысы бойынша жинақ шығару. Жауапты: Е.Е.Туребеков, А.А.Мерғалиев ДШ, АТД кафедраларының ПОҚ.

2) **Екінші сұрақ** бойынша 2025 жылдың 26 қыркүйегінде өтетін «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК өткізуге дайындық барысы туралы **Л.А.Жубандыкова** баяндады. Қазіргі таңда ҚР ИМ қарасты оқу орындары мен азаматтық оқу орындарына, сонымен қатар Қазақстанның барлық облыстарының ПД-не ақпараттық хаттар жолданғаны туралы, конференция қорытындысы бойынша жинақты шығару жоспарланғаны туралы айтты.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. 2025 жылдың 26 қыркүйегінде «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК өткізу. Жауапты: Л.А. Жубандыкова, ҚҚжКр кафедрасының ПОҚ.

3. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК қорытындысы бойынша жинақ шығару. Жауапты: Л.А. Жубандыкова, ҚҚжКр кафедрасының ПОҚ.

3) **Үшінші сұрақ** бойынша **Т.Бисенова** баяндады: «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдарының курсанттарының бойында стресске төзімділік пен эмоционалды интеллектті дамытудың өзекті мәселелері» дөңгелек үстелін 2025 ж. 16 тамыз күні Кәсіби – психологиялық даярлық кафедрасы ұйымдастырды. Іс-шараға ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының профессоры, п.ғ.д, профессор Ким Н.П., ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының психологтарды даярлау орталығының аға оқытушы-әдіскері Манатова А.Б., Павлодар қаласының ПБ аға-инспектор-психологі Жумабек Д.Ж., Қостанай облысы ПД инспектор-психологі Ибраева А.М., Алматы қаласы ПД инспектор-психологі Бекмуратова Г.Г., Қызылорда қаласының ПБ инспектор-психологі Ахбенбетова Г.А., Ақтөбе қаласы ПД аға инспектор – психологі Хаецкая О.Н. және ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының психолог мамандары, кәсіби коучтар, НР саласының сертификатталған мамандары қатысты. Дөңгелек үстел барысында қатысушылардың баяндамалары тыңдалып, курсанттардың эмоциялық интеллектін дамытудағы психологиялық даярлықтың маңыздылығы мен күйзеліске толы жағдайларда бейімделу мен тиімді қарым-қатынас орнатуға көмектесетін психологиялық әдістер талқыланды. Шара соңында қорытындылар жасалып, ұсыныстар берілді, қатысушыларға сертификаттар табысталды».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдарының курсанттарының бойында стресске төзімділік пен эмоционалды интеллектті дамытудың өзекті мәселелері» дөңгелек үстелді ұйымдастыру бойынша ақпарат қанағаттанарлық деп танылсын.

4.1) **Төртінші сұрақ** - Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу бойынша А.А.Алмаганбетова баяндады: «Төтенше жағдай кезіндегі ПО қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау жөніндегі қызметті атқару ерекшеліктері» ғылыми-зерттеу шеңберінде «Төтенше жағдай кезіндегі ПО қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау жөніндегі қызметті атқару ерекшеліктері» оқу құралы әзірленіп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқу үрдісіне, Ақтөбе облысы ПД Жергілікті полиция қызметінің басқармасының тәжірибелік қызметіне, Ақтөбе станциясының ЖПБ тәжірибелік қызметіне және ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң

институтының оқу үрдісіне енгізілді, енгізу актілері алынды».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Полиция подполковнигі А.Алмагамбетованың «Төтенше жағдай кезіндегі ПО қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау жөніндегі қызметті атқару ерекшеліктері» ғылыми-зерттеу шеңберінде дайындаған «Төтенше жағдай кезіндегі ПО қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау жөніндегі қызметті атқару ерекшеліктері» оқу құралын оқу үрдісі мен тәжірибелік қызметке енгізу туралы ақпарат қанағаттанарлық деп есептелінсін.

4.2) Полиция полковнигі М.Найманбаев «Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен шарттарын талдау» ғылыми-зерттеу шеңберінде дайындалған «Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен шарттарын талдау (Ақтөбе облысының мысалында)» әдістемелік ұсынымдары әзірленіп, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне енгізіліп, енгізу актілері алынғаны туралы баяндады.

Полиция полковнигі Сахарбай А. осы әдістемелік ұсынымдарды ПО тәжірибелік қызметіне енгізу актілерін келесі (қыркүйек айындағы) Ғылыми-әдістемелік кеңеске әкелуін талап етті.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Полиция полковнигі М.Найманбаевтың «Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен шарттарын талдау» ғылыми-зерттеу шеңберінде дайындаған «Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен шарттарын талдау (Ақтөбе облысының мысалында)» әдістемелік ұсынымдары әзірленіп, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне енгізу туралы ақпарат қанағаттанарлық деп танылсын.

3. «Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен шарттарын талдау (Ақтөбе облысының мысалында)» әдістемелік ұсынымдарын ПО тәжірибелік қызметіне енгізу актілерін келесі (қыркүйек айындағы) Ғылыми-әдістемелік кеңеске әкелу.

5) Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмыс барысы туралы Қ.Жакенов баяндады: «Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің мүшелері 14 оқу құралын жариялады, түрлі басылымдарға ғылыми мақалалар жариялады, ҒЗжРБЖ бөлімімен бірлесіп, 2025 ж. 25 сәуірінде ХФТК ұйымдастырды».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмыс деңгейі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

6) 2025 ж. Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары бойынша тамыз айына жоспарланған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындау туралы сұрағы бойынша Ыбраева А., Мухтарова А. баяндады. «Ақпараттық-

коммуникациялық технологиялар» оқу құралы ағылшын тілінде шығарылып, қайта өңделген.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Жалпы білім беру пәндері кафедрасының оқытушылары Ыбраева А., Мухтарова А. дайындаған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ағылшын тілінде қайта өңделген оқу құралы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесіне қаралуға ұсынылсын.

7) **Н.Сисенов:** «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ХҒТК материалдарының жинағы дайын емес (кафедра оқытушыларының кезекті еңбек демалысында болуына байланысты), келесі (қыркүйек айындағы) Ғылыми-әдістемелік кеңесте талқылауға ұсынамыз.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ХҒТК материалдарының жинағы дайын емес (кафедра оқытушыларының кезекті еңбек демалысында болуына байланысты), келесі (қыркүйек айындағы) Ғылыми-әдістемелік кеңесте талқылауға ұсыну.

8) Сегізінші сұрақ бойынша **А.А.Алмаганбетова** баяндады: «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдарды ӘҚЖПО кафедрасының оқытушылары В.Хасанова, ҚҚЖҚ кафедрасының оқытушысы Д.Мұқанова, КПД кафедрасының оқытушысы А.Умурзакова орыс және мемлекеттік тілдерде дайындады. Әдістемелік ұсынымдардың ережелерін іске асыру балалар құқытарының бұзылуын анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыруға, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін жетілдіруге, әрбір мұқтаж балаға уақтылы және кешенді көмек көрсетуді қамтамасыз етуге ықпал етеді».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. В.Хасанова, Д.Мұқанова, А.Умурзакова дайындаған «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін, институттың Ғылыми кеңесіне қаралуға ұсынылсын және ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетіне жіберілсін.

9) «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебін талқылау сұрағы бойынша Л.А.Жубандыкова, В.В.Хасанова, М.Ж.Найманбаев баяндады. Ғылыми – зерттеу жұмысы Атырау, Қызылорда облыстары және Шымкент қаласы бойынша жүргізілді. Зерттеу барысында аталған облыстар және Шымкент қаласы бойынша ІІО, білім басқармаларының, Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының кәмелетке толмағандардың девианттық мінез-құлқының алдын алу жөніндегі

қызметіне талдау жүргізілді, Жалпы орта білім беретін мектептерде, гимназиялар мен колледждерде криминогендік жағдайлар бойынша талдау жүргізілді, кәмелетеке толмағандар қылмысының алдын алудың халықаралық тәжірибесі зерттелді, сауалнамалар жүргізілді. Зерттеулер нәтижес ретінде кәмелетке толмағандар арасындағы криминогендік жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстар дайындалды.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Л.А.Жубандыкованың «Атырау облысы бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебіндегі техникалық кемшіліктер жойылып, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылсын. Мерзім: 2025ж. 21 тамызына дейін.

3. В.В.Хасанованың «Қызылорда облысы бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебі түзетулерді ескере отырып, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылсын. Мерзім: 2025ж. 21 тамызына дейін.

4. М.Ж.Найманбаевтың «Шымкент қаласы бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебі толықтыру мен түзетулерді ескере отырып, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылсын. Мерзім: 2025ж. 21 тамызына дейін.

10) 2025 ж. 1 курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптарын талқылау сұрағы бойынша А.К.Ибраева, Б.М.Мухамедьярова, Л.А.Жубандыкова, А.А.Алмагамбетова, Т.Бисенова, Н.Сисенов, Е.Е. Туребеков баяндады. Ұсынылған тақырыптар практикалық маңызға ие, қазіргі жағдайда өзекті, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын қамтиды, заманауи, ғылыми әрі білім беру талаптарына сәйкес келеді.

Д.А.Амангельдиев тақырыптарды көбейтіп, қазіргі таңда өзекті тақырыптарды, соның ішінде «дрондар» бойынша тақырыптарды қосуға ұсыныс жасады.


Сахарбай А.: «Тақырыптардың ғылыми, тәжірибелік маңызын, құқық қорғау органдары мен жалпы қоғам сұраныстарын ескере отырып, магистранттардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған тақырыптармен толықтыру сұралады. Мерзім: 2025ж. 21 тамызына дейін.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
















2. 2025 ж. 1 курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары бойынша толықтырулар мен ескертулерді ескере отырып, институттың Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсыну. Мерзім: 2025ж. 21 тамызына дейін.

Төраға:
Хатшы (у.м.а.):





















А. Сахарбай
М. Нурмаганбетова

Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңесі отырысының № 8
хаттамасымен танысу парағы, 2025 ж. «19» 08

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К. Ибраева
9.  Е.Е. Туребеков
10.  А.А. Мергалиев
11.  Н.И. Каирова
12.  В.В. Хасанова
13.  Д. Муканова
14.  А. Длимов
15.  Қ. Ерланулы
16.  Т. Бисенова
17.  А. Ыбраева
18.  А. Алмаганбетова

Институттың 2025 жылғы 19 тамызда өткен Ғылыми-әдістемелік кеңестің сегізінші отырысына қатыскандардың тіркеу парағы

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К.Ибраева
9.  Е.Е.Туребеков
10.  А.А.Мергалиев
11.  Н.И.Каирова
12.  В.В.Хасанова
13.  Д.Муканова
14.  А.Длимов
15.  Қ. Ерланулы
16.  Т. Бисенова
17.  А. Ыбраева
18.  А. Алмаганбетова